

## Түсінік хат

Балаларға арналған көркем шығармалар- баланы шынайы болмыстағы нақты әрекеттерден тысқары тұрған шалқар кеңістіктегі сан алуан құбылыстар мен адамдар әрекетімен таныстыра отырып,оны көркемдеп, баяндап, сонымен бірге баланың сөздік қорын молайтып,тілін дамытады.Көркем шығармалар қоршаған әлемді, дүниенің тұтас күшін танытумен бірге,сан алуан күйде ондағы заттармен құбылыстардан хабардар етеді.Мұндай шығармалар ересектер мен балалардың бірлескен әрекеттерінің мазмұнын байыта түседі.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік- экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңестігіне шығу – білім беру саласында, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту талабына сай өзгерістер еңгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі таңда қоғамның ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласында да, заман талабына сай, технологиямен қамтамассыз ететін кез келді.

«Зерек бала» бағдарламысының ұстанымдарына сүйене оырып жасалған:

Мемлекеттік ана тілін үйренуі.

Сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында қолдану.

Тілдің грамматикасын дұрыс сақтау.

Өз ойларын дұрыс, қысқаша жеткізе білу.

Қарым- қатынас мәдиенетінің қарапайым дағдыларын дамыту.

Тақырыптық жоспары 36 сағатқа бөлінген.Ол аптасына 1 рет өтеді. Тақырыбы мен сағат саны жоспарда көрсетілген.

**Мақсаты:**

Мемлекеттік және ана тілін үйреніп, үлкендермен және құрдастармен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар. Мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптасыру.

Халық ауыз әдебиеті мен балалар шығармаларымен таныстыру. Жақсылық, өзара көмек, достық туралы дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

-Барлық дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету;

-сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында;

- өз ойларын дұрыс, толық және қысқаша жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.

-Шығармашылық тілді дамыту.

-Халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті арқылы адами қарым-қатынас әлемімен таныстыру. –Ертегі, өлең әңгіме, мақал-мәтел, жұмбақ, сахыналау кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатнастарын бағалауға тәрбиелеу.

-Үлкендермен құрдастарымен жайдары әңгімелесе білу дағдыларын қалыптастыру.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар, көрнекіліктер
1	«Сөйле, балдырған»	Балалардың сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Өз ойларын дұрыс, қысқаша жеткізе білуге тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Үлкендермен, құрдастарымен жайдары әңгімелесе білу дағдыларын қалыптастыру.	Тақырып бойынша көрнекілік суреттер, бейнероликтер, слайд, муляж, атрибуттар.
2	«Менің отбасым»	Әр баланың өз отбасы бар екенін еске түсіру. Отбасында кімдер тұратынын сурет бойынша әңгімелету. Отбасына деген білімдерін бекіту. Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Әр баланың өз отбасы суреттері, отбасы туралы шағын бейне ролик көрсету.
3	«Біздің топ»	Балалардың топ және оның ішіндегі бөлмелер туралы ұғымдарын қалыптастыру. Сақтыққа, өз тобы үшін мақтана білуге болатындай сезімдерін қалыптастыру. Бөлме ішін таза, заттарын ұқыппен ұстауға тәрбиелеу.	Үлестірмелі материалдар жинағы, топ ішіндегі заттардың суреттері.
4	«Менің достарым»	Балалардың достарға деген татулықтарыны ояту. Ұйымшылдыққа баулу. Сыйластыққа тәрбиелеу. Достық туралы мақал-мәтел жаттату, бірге жүретін достары туралы 2-3 сөйлемнен құралған әңгіме айтқызу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.	Достар тақырыбына арналған суреттер.
5	«Алтын күз»	Жылмезгілікүзайы неге алтын күзде паталатыны туралы түсінектерін кеңейту. Сурет бойынша табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу. Алтын күздің	Күз туралы суреттер, күзгі ағаштардың, жапырақтардың суреттері. Геометриялық

		ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың тіл байлығын дамыту.	пішіндер, көкөністер мен жемістер суреттері.
<b>6</b>	<b>«Түрлі –түсті жапырақтар»</b>	Жапырақтардың түсі неге сарғаяды деген ұғымын кеңейту. Жапырақ туралы өлеңді оқып беру, түсіндіру. Түсіне, пішініне қарап жапырақтарды ажыратуға үйрету.	Түрлі-түсті жапырақтар суреттері, демонстрациялық материалдар.
<b>7</b>	<b>«Жабайы аңдар»</b>	Аңдардың суретімен таныстыру. Өзгешеліктерін айтуға үйрету. Аңдардың қайда мекендейтінін әңгімелеп түсіндіру. Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тереңдету. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға үйрету. Аңдарды сипаттауға жаттықтыру, тақпақтар арқылы тілдерін дамыту. Сөздік қорларын байыту, өздігінен байланыстыра сөйлем құрауға жетелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	Жабайы аңдардың суреттері, атрибуттар, муляждар.
<b>8</b>	<b>«Қайдан келдің бауырсақ»</b>	Балаларға нан туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың нан туралы түсінігін ертегі арқылы жеткізе отырып, өлеңнің мазмұнын айтып беруге жаттықтыру, үлкендердің еңбегін ардақтап, бағалай білуге тәрбиелеу.	Нан туралы әр түрлі суреттер. Ертегі бойынша суреттер.
<b>9</b>	<b>«Үй жануарлары»</b>	Балаларға үй жануарлары туралы сурет бойынша әңгімелеу. Үй жануарларының пайдасы жайында айтып түсіндіру. Олардың қайда тұратынын айтып түсіндіру. Жануарлардың көзге көрінетін бөліктерін көрсете, айту. Олардың төлдерін ажыратып көрсету.	Үй жануарларының суреттері, муляждар.

10	«Үй құстары»	Үй құстарының пайдасын айту. Оларға деген қамқорлықтарын ояту. Үй құстарының тұрақтарын айтып түсіндіру. Үй құстарының пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Қойылған сұрақтарды дұрыс түсініп, толық жауап беруге үйрету.	Көрнекі суреттер, үй құстары жайлы слайдтар, үлестірмелі материалдар.
11	«Біздің ойыншықтарымыз»	Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру. Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір-бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. Оларға күтім керектігін үйрету, сындырмай таза ұстап ойнауға тәрбиелеу.	Ойыншықтар-қуыршақ, қоян, жүк көлігі, аю, машина.
12	«Шалқан ертегісі»	Балаларға ертегілер туралы көркем мағлұмат бере отырып диалогты сөйлеуін, әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, әртүрлі тапсырмалар орындату, жұмбақ жасыру, бейне тақта арқылы ертегі желісі туралы білімдерін бекіту. Ақыл-ой, ес, зейін қабілеттерін, диалогты сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын дамыту. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу	Көкөністер суреті, шалқан ертегісінің кейіпкерлері, атрибуттар.
13	«Жыл мезгілдері»	Жылды төрт маусымға бөліп, маусымына қарай құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастырып, білімдерін тереңдету. Балалардың қазақ тілге деген қызығушылығын қалыптастырып, сөздің қорын молайту, ой-өрісін кеңейтіп, тіл байлығын дамыту. Еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу	Жыл мезгілдерінің суреттері, төрт жыл мезгілі бейнеленген терек, бейнежазба.
14	«Қуыршақты шомылдырып ұйықтатам»	Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету, киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету.	Шомылдыруға арналған заттар: су, сабын, сүлгі.

	<b>ыз»</b>	Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.	
<b>15</b>	<b>«Не қалайда ұстайды?»</b>	Құстардың сайрағандыбыстарын тыңдату арқылы әрқұстың дыбысына ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойынарқылы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Әр жануарды қалай шақыру керектігін түсіндіру. Үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Жануарлардың, құстардың суреттері. Жұмсақ ойыншықтар.
<b>16</b>	<b>«Тазалық - таза баланың досы»</b>	Тазалық бұйымдарымен таныстыру. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу. Өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстануға, тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету.	Слайд, тазалық заттары (су құйғыш, орамал, сабын, тіс пастасы)
<b>17</b>	<b>«Киім дүкені»</b>	Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Үш-төрт сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Қоғамдық жерлерде жүрістұрыстарын бекіту, сөз сөйлеу этикет дағдыларын қалыптастыру.	Ұл бала мен қыз бала бейнеленген сурет, қуыршақтың киімдері.
<b>18</b>	<b>«Азық-түлік дүкені»</b>	Балалардың тіл байлығын дамытып, сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза білу. Балалардың сөздік қорын байытып, тәрбиешіні тыңдай отырып, өздігімен жауап беруге дағдалану. Ас тағамдарын қадірлеу арқылы балалардың еңбексүйгіштіктерін тәрбиелеу.	Слайдтағы азық-түлік суреттері, муляждар, азық-түлік суреттері.

19	«Бауырсақертегісі»	Балалардың қазақ тілге деген қызығушылығын арттырып, ойын әдісі арқылы мемлекеттік тілді үйрете білу. Балаларды жабайы аңдармен таныстырып, олардың мінездері туралы сипаттай білу. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа және кез келген тапсырманы жауапкершілікпен атқаруға, көмек бере білуге тәрбиелеу	Тақта, орманды мекендеген аңдар, ағаштар.
20	«Бұлқай кезде болады»	Балалардың жыл мезгілдерін ажыратуын қадағалау, өлең жолдарын оқып беру, әр баладан мезгілдерді ажыратуын үйрету. Табиғатты аялауға, жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Жыл мезгілдерінің суреттері, слайд.
21	«Қысқы орман»	Қыс мезгілі туралы түсініктерін бекіту. Қыс мезгілдерінің айырмашылықтарын айтқызу. Сурет бойынша қысқы орманның ерекшеліктерін айтқызу.	Қыс көріністері суреттері, слайд, үлестірімелі материалдар.
22	«Менің мысығым»	Балаларға мысықтың үй жануарларына жататындығын және оның ерекшеліктерін айтқызу. Мысыққа қамқор болу керектігін түсіндіру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімін ояту	Мысық және оның балаларының суреттері.
23	«Бөлме өсімдіктерінің пайдасы»	Бөлме өсімдіктерінің аттарын айтып беру, өсімдіктердің тірі табиғатқа жататынын түсіндіру. Бөлме өсімдіктерін қалай күтсең солай өсетіндігін үйрету. Өсімдік бөлімдері: сабақ, жапырақ, гүл туралы түсінік беру. Өсімдіктерді суғару түрлерімен таныстару. Бланың өсімдікті күтуге деген ынтасын тудыру. Гүлдердің аттарын және	Бөлме гүлдері, гүлдер бейнеленген суреттер, жылжыиалы папка.

		айырмашылығын білуге үйрету. Үлескедегі гүлдер мен бөлме өсімдіктерінің айырмашылығын білуге үйрету.	
24	«Ұқсасын тап»	Д/ойынарқылы суреті бойынша салыстыра білуін дамыту. Суреттегі ерекшеліктерді айтып түсіндіру. Ойланып жұмыс істеуге дағдыландыру.	Пішіндер, құлып және кілт суреттері.
25	«Көктем келді»	Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстарды, өсімдіктер мен жануарлардағы өзгерістерді бақылап ажырата білуге үйрету, үлкендердің еңбегін бақылау арқылы еңбексүйгіштікке, табиғатты қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Көктем мезгіліне байланысты суреттер, плакаттар, жапырақтар, бұлттар, күн, көпір, өзен, құстар, желім, автобус, ағаштар, т. б.
26	«Анамның мерекесі»	Көктем мезгілінде болатын алғашқы мереке - аналар мерекесі туралы түсінік беру. «Ана» туралы өлең оқып беру. Түсініктерін сұрау.	Аналар мерекесі туралы суреттер, слайд.
27	«Құстар біздің досымыз»	Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оны күтіп-баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.	Дала, үй құстары, қыстайтын құстар суреттері, слайд.
28	«Наурыз мерекесі»	Наурыз мерекесі ұлттық мереке екенін түсіндіріп үйрету. Наурыз мерекесінің ерекшеліктерін сурет бойынша әңгімелету. Халықтық салт – дәстүрді құрметтеуге баулу. «Наурыз көже» өлеңін жаттату.	Киіз үй, ұлттық ою – өрнектер мен әсемделген сырмақ, сандық, құрақ көрпе, қоржын, торсық, жозы,



			Ұлттықтағамдар, Алтыбақант.ббұйымдар. Бейнеролик.
29	«Ағаштарбүршікаты»	Ағаштыңбүршікатқаныңбақылату.Бүршіктердіңжапыраққанемесе гүлгеайналатынын түсіндіру.Көктепкележатқанағаштықиюғасындыруға болмайтындығын туралы түсіндіру.	Көктем мезгілі туралы суреттер және уәләстiрмелi суреттер.
30	«Бiзбақытты баламыз»	Адам өмiрiнiң ең қызықты да, бақытты сәтi балалық кездiң қызықтары туралы айту. Отбасы, достық, ойын, ойыншықтар туралы айтып, өнер мен өрнек тeпкөрсету. Балалардың дүниетанымын, ой-өpiciндамыту. Ұлттық нақыштарын, бiр-бiрiнқұрметтеуге, отбасын сыйлауға тәрбиелеу. Өнердiсүйеге баулу.	Нақыл сөздер, түрлi - түстi шарлар, слайд «Бала деген бiрбақыт»
31	«Теңiзшiлер. Балықшылар»	Балаларда ойын барысында бiрнеше әрекеттердi логикалық бiрiздiлiкте байланыстыру, ойын жағдайына кiру, өзiне рөл алып, ойын аяғына дейiн рөлге сәйкес әрекет ету бiлiктерiн қалыптастыру. Балалардың позитивтi және топта игiлiк қарым-қатынаста дағдыларын қалыптастыру.	Балықтардың сан алуан суреттерi, алтын балық еретегiсiнiң кейiпкерлерiнiң суреттерi, аквариумдағы балықтар.
32	«Қандай?»	Түстер: қызыл, сары, жасыл, көк, жасыл сөздерiн дұрыс айтуға және түстердiң атауларын қазақ тiлiнде айта бiлуге үйрету. Сөздiк қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Байқағыштық қабiлетiн арттыру, түрлi түстердi анық айта бiлу.	Түстердiң суреттерi, түрлi – түстi шарлар.
33	«Бейбiтшiлiк күнi»	«Ақкөгершiн» өлеңдi оқып беру. Көгершiн құстың бейбiтшiлiк құсы екенiн түсiндiру. Мереке туралы айтып беру. Балалардың бiрлiк,ынтымақтастық туралы түсiнiктерiн кеңейтiп,	Қима көгершiндер, шарлар, гүлдер, слайд.

		көпұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға атсалысатына замат болуға тәрбиелеу.	
34	«Жеңістуы желбіре» »	Балаларға Ұлы Отан соғысы, жеңіс, ерлік, батырлық туралы түсінік, ұғым беру, білімдерін жетілдіру. Отанды қорғауға, сүйіспеншілікпен қарауға, сүйеге, үлкенді құрметтеуге, отан үшін шайқасқа түскенге - апаларымыздың рухына бас июге, үлкенге – ізет, кішіге - қызмет етуге, адамгершілікке тәрбиелеу.	Слайд . Ұлы Жеңіс күнінің суреттері
35	«Ұшады-ұшпайды»	Заттардың қасиеттеріне қарай талдауға, олардың аттарын атай білуге үйрету. Табиғатта ненің ұшатыны, ненің ұшпайтыны туралы түсіндіру арқылы зейіндері мен ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа баулу.	Үй құстарының суреттері, дорбаға салынған ойыншықтар.
36	«Бұл қандай пішін?»	Балалардың сөздік қорын молайту, пішіндерді ажырата білу. Затты пішініне қарай қазақ тілінде айта алуға үйрету. Пішіндердің атауларын қазақ тілінде айта білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Суреттен көрсету. Үш бұрыш, текше, шеңбер, сопақ – деп қазақша дұрыс айтуға үйрету. Балалардың байқағыштық қабілеттерін дамыту. Пішіндерді көрсете отырып, қазақ тілінде түсіндіру. Ойынарқылы пішіндердің атауларын айта білуге үйрету.	Сопақша, шеңбер, үшбұрыш, текше пішіндері суреттері, слайд.

